

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, орта білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметін ұйымдастырудың және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2008 жылғы 16 мамырдағы N 272 Бұйрығы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2008 жылғы 3 маусымда Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіміне N 5229 болып енгізілді.

- Метін
- Ресми жарияланым
- Ақпарат
- Өзгерістер тарихы
- Сілтемелер
- Көшіру
- Басқа

Қолданушылардың назарына...

Бұйрықтың қолданысқа енгізілуі тәртібінің 4-тармақтан беренше.

Ескерту. Таңдауы және редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 02.07.2016 № 317 (атаалған жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 44-бабының 9-тармағына сәйкес: **БҮЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспеге орыс тілінде өзгеріс енгізілді, мемлекеттік тілдегі метін өзгермейді - ҚР Білім және ғылым министрінің 15.03.2016 № 199 (атаалған ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, орта білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметін ұйымдастырудың және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ және редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің 02.07.2016 № 317 (атаалған жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Орта білім департаменті (М.Т. Санатова):

1) аталған бұйрықты облыстық, Астана және Алматы қалалық білім департаменттерінің, республикалық ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарының назарына жеткізсін;

2) осы бұйрықты белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге ұсынсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау вице-министр Х.Н. Шәмшидиновқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министрдің міндетін атқарушы

Ф. Құмиев

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрі
міндетін атқарушысы
2008 жылғы 16 мамырда
№ 272 бұйрығымен
бекітілген

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, орта білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметінің және оны сайлау тәртібінің үлгі ережелерін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2008 жылғы

16 мамырдағы № 272 Бұйрығы

2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 44-бабының 9-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметінің және оны сайлау тәртібінің үлгі ережелері бекітілсін.

2. Орта білім департаменті (М.Т. Санатова):

1) аталған бұйрықты облыстық, Астана және Алматы қалалық білім департаменттерінің, республикалық ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарының назарына жеткізсін;

2) осы бұйрықты белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге ұсынсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау вице-министр К.Н. Шәмшидиноваға жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министрдің

міндетін атқарушы

Ф. Қуанғанов

**Созак ауданы білім бөлімінің «Балдәурен» бөбекжай – бақшасы
МКҚК педагогикалық кеңес отырысының
Хаттамасы № 1**

Сызған ауылы

31 тамыз 2023 жыл

Қатысқандар: 7

Қатыспағандар: 0

Тақырыбы: «2023-2024 жаңа оқу жылындағы балабақша қызметінің негізгі бағыттары».

Мақсаты: мектепке дейінгі ұйымды жаңа оқу жылына дайындау. 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын және негізгі жылдық міндеттемелерді талқылау, бекіту.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Педагогикалық кеңес хатшысын сайлау. Менгеруші Г. Жанибекова
2. Жазғы сауықтыру жұмысының қорытындысы.
Әдіскер Р. Жылысбаева
3. 2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында тәрбие-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатымен танысу.
Менгеруші Г. Жанибекова
4. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын қарастыру. Әдіскер Р. Жылысбаева
5. 2023-2024 оқу жылына арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу жоспарымен танысу, бекіту.
Менгеруші Г. Жанибекова
6. Шығармашылық топ жетекшісін және мүшелерін сайлау.
Менгеруші Г. Жанибекова
7. Ұйымдастырылған іс-әрекеттің кестесі. Әдіскер Р. Жылысбаева
8. Педагогтердің біліктілікті арттыру курстарынан өту кестесі.
Әдіскер Р. Жылысбаева
9. Топтағы балалардың тізімдері. Әдіскер Р. Жылысбаева

ТЫҢДАЛДЫ.

1. Бөбекжай-бақша меңгерушісі Г. Жанибекова сөз алып күн тәртібімен ұжымды таныстырып өтті. Балабақша педагогтарын жаңа оқу жылдарымен құттықтап, жұмыстарына шығармашылық табыспен сәттілік тіледі. Күн тәртібі бойынша педагогикалық кеңес хатшысына жас маман тәрбиеші Қ. Музафарованы ұсынды. Бұл ұсынысты барлық педагогтар қолдады.
2. Балабақша әдіскері Р. Жылысбаева 2022 – 2023 оқу жылы бойынша жазғы сауықтыру жұмысының қорытындысын жасады. Балабақшаның жылдық жоспарына сәйкес маусым айында жазғы сауықтыру жұмысы жүргізілді. Шілде айында балабақшаның ағымдағы жөндеу жұмыстарының басталуына байланысты балабақша өз жұмысын уақытша тоқтатты. Ағымдағы жөндеу жұмыстарының аяқталмауына байланысты тамыз айының 21 жұлдызында балабақша өз жұмысын жалғастырды. Алайда шілде және тамыз айының 3 – 4 аптасында балалармен жазғы сауықтыру жұмысы жүргізілді. Апталық циклограммада жасалған күндік режимі және мерекелік, сауықтыру шаралары өз деңгейінде өткізілді.
3. Меңгеруші Г. Жанибекова 2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында тәрбие-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатымен таныстырды.
Әдістемелік нұсқау хатта негізгі міндеттер белгіленген:
 - тәрбиеленушілердің, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері және жеке мүмкіндіктері бар тәрбиеленушілердің дене, зияткерлік және жеке тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін оңтайлы жағдайлар жасау;
 - тәрбиеленушілердің өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру;
 - тәрбиеленушілердің қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, эмоционалдық, әлеуметтік, когнитивтік дағдыларын қалыптастыру;
 - Отанды, ана тілін сүйуге, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздеріне және патриотизмге баулу;
 - баланың мектепке оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығын қалыптастыру және тең

бастапқы мүмкіндіктер беру. Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда педагогтерге келесі қағидаларды назарда ұстау ұсынылады: - ойын арқылы үйрету;
- түрлі балалар әрекетін ұйымдастыру арқылы (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) балаларды дамыту. Әдістемелік нұсқау хат жыл бойы www.igtd.kz сайтында қолжетімді болады.

4. Әдіскер Р. Жылысбаева мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын түсіндірді.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығына қосымша

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығына

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабының 6-тармағына және 14-бабының 1-тармағына, «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкес әзірленді.
2. Бағдарламаның мақсаты әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу болып табылады.
3. Бағдарламаның міндеттері мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін жайлы және қауіпсіз білім беру жағдайларын жасау, баланың даралығы мен субъективтілігін қолдауға бағытталған дамытушы заттық-көңістіктік ортаны, оның ішінде арнайы ортаны құру, олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес біліктері мен дағдыларын қалыптастыру, мектепке дейінгі білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздігі ұстанымдарын қамтамасыз

ету, балалардың физикалық дамуы, коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру, баланың зияткерлік, әлеуметтік дағдыларын және тұлғасын дамыту үшін инновациялық әдістер мен технологияларды қолдану, оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттерінің бірлігін қамтамасыз ету, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, отаншылдыққа, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен мектепке дейінгі ұйымның күш-жігерін біріктіру, баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығы үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді беру болып табылады.

4. Бағдарламаның мазмұны: дені сау баланы тәрбиелеуді, өз денсаулығына саналы түрде қарауды, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыруға; балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ауызекі сөйлеуді, сөздік қорды қалыптастыруды, өмірде әртүрлі жағдайлардағы қарым-қатынас дағдыларын меңгертуге, қолдың ұсақ моторикасын, командада жұмыс істеу дағдыларын дамытуға; тәрбиеленушілердің қоршаған әлеммен өзара қарым-қатынас жасауына қажетті танымдық және зерттеушілік әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгертуге; өнер туындыларын қабылдау мен түсіну дағдыларын қалыптастыру, қоршаған әлемді эмоционалды тану, тәрбиеленушілердің өзіндік шығармашылық іс-әрекеті үшін жағдай жасауға; тәрбиеленушілерді, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оң әлеуметтендіру, оларды әлеуметтік-мәдени нормаларға, қоғам және мемлекет, отбасы дәстүрлеріне баулу, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруға; мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту және бастауыш білім беру арасындағы оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттерін ескере отырып, сабақтастық пен үздіксіздік қағидаларын қамтамасыз етуге; бастауыш білім беру ұйымдарында мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілерді оқыту үшін тең бастапқы мүмкіндіктер беруге бағытталған.

5. Бағдарламаның мазмұны балалардың физикалық және психикалық дамуының жас кезеңдерін ескере отырып, келесі жас

топтарында іске асырылады:
ерте жас тобы – 1 жастағы балалар;
кіші топ – 2 жастағы балалар;
ортаңғы топ – 3 жастағы балалар;
ересек топ – 4 жастағы балалар;
мектепалды топ, мектептегі (лицейдегі, гимназиядағы) мектепалды
сынып – 5 жастағы балалар.

6. Бағдарламаның мазмұнын меңгеру мерзімі – 5 жыл.

5. Меңгеруші Г. Жанибекова 2023-2024 оқу жылына арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу жоспарымен танысып бекітті.
6. Меңгеруші Г. Жанибекова шығармашылық топ жетекшісін және мүшелерін сайлауға ұсыныс білдірді. Балабақшадағы педагогикалық еңбек өтілі жеткілікті тәрбиеші П. Бидаулетованы шығармашылық топ жетекшісі және балабақша тәрбиешілері Б. Ганиева, А. Сейткасымова, Н. Мусаева және Қ. Музафарованы топ мүшелеріне енгізуге қысысын білдірді. Барлық педагогтар келісетіндіктерін айтты.
Шығармашылық топ жетекшісі П. Бидаулетова
Ганиева Б - шығармашылық топ мүшесі
Сейткасымова А – шығармашылық топ мүшесі
Мусаева Н – шығармашылық топ мүшесі
Музафарова Қ - шығармашылық топ мүшесі болып бекітілді.
7. Әдіскер Р. Жылысбаева топтардың ұйымдастырылған іс-әрекеттің кестесімен таныстырды. Меңгеруші Г. Жанибекова топтардың ұйымдастырылған іс-әрекеттің кестесін бекітті.
8. Әдіскер Р. Жылысбаева педагогтердің біліктілікті арттыру курстарынан өту кестесін педагогтармен ақылдаса отырып жасады. Меңгеруші Г. Жанибекова педагогтердің біліктілікті арттыру курстарынан өту кестесін бекітті.
9. Әдіскер Р. Жылысбаева топтағы балалардың тізімдерімен таныстырды. Меңгеруші Г. Жанибекова топтағы балалардың тізімдерін бекітті.

ШЕШІМІ:

1. Педагогикалық кеңес хатшысы болып тәрбиеші Қ. Музафарова сайлансын.

2. Әдіскер Р. Жылысбаева жазғы сауықтыру жұмысының жылдық есеп қорытындысы қанағаттанарлық деп есептелсін.
3. 2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында тәрбие-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатын негізге алынсын.
4. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын негізге алып жұмыс жүргізілсін.
5. 2023-2024 оқу жылына арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу жоспары бекітілсін.
10. Шығармашылық топ жетекшісін және мүшелері сайлансын.
П. Бидаулетова - шығармашылық топ жетекшісі
Ганиева Б - шығармашылық топ мүшесі
Сейткасымова А – шығармашылық топ мүшесі
Мусаева Н – шығармашылық топ мүшесі
Музафарова Қ - шығармашылық топ мүшесі болып бекітілсін.
6. Ұйымдастырылған іс-әрекеттің кестесі бекітілсін.
7. Педагогтердің біліктілікті арттыру курстарынан өту кестесі бекітілсін.
8. Топтағы балалардың тізімдері бекітілсін.

Педагогикалық кеңестің төрайымы:
Хатшы:



Созақ ауданы білім бөлімінің «Балдәурен» бөбекжай – бақшасы
МКҚК педагогикалық кеңес отырысының
Хаттамасы № 2

Сызған ауылы

19 қазан 2023 жыл

Қатысқандар: 7

Қатыспағандар: 0

Тақырыбы: «Балалардың өмірі мен денсаулығын нығайту, салауатты өмір салтын қалыптастыру»

Максаты: Балалардың денсаулығын нығайтып, дене бітімінің дұрыс қалыптасуына ықпал ете отырып бала бойына салауатты өмір салтын қалыптастыру.

Күн тәртібінде:

1. **Фронталды бақылау:** «Тәрбиелеу мен білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктерінің орындалу» әдістемелік көмек (әдіскер Р. Жылысбаева)
2. «Күн тәртібінде сауықтыру іс-шараларының сапасы» анықтама (әдіскер Р. Жылысбаева)
3. Тәжірибе алмасу:
 - 1.«Денсаулық сақтау техноглогияларын тиімді қолдану әдіс-тәсілдері» дөңгелек стол (тәрбиеші П. Бидаулетова)
 - 2.«Балалардың физикалық дамуына музыканың әсері» пікір алмасу (тәрбиеші Б. Ганиева)
- 3.Педагогикалық тәжірибе алмасу: «Балабақша жағдайында мектеп жасына дейінгі балаларды сауықтыру» (тәрбиеші Н. Мусасева)
- 4.«Балабақшадағы бүлдіршіндердің дамуындағы психологиялық ауытқуларын болдырмау» баяндама (тәрбиеші А. Сейткасымова)
5. Педагогикалық кеңес шешімін талқылау және шешім қабылдау.

ТЫҢДАЛДЫ.

Балабақша менгерушісі Г. Жанибекова сөз алып пед.кеңестің күн тәртібімен таныстырып өтті. Педагогтардың қал ахуалдарын сұрап, жұмыс барысына тоқталды. Балабақшаның жылдық жоспарының дұрыс орындалуын, күн тәртібінің орындалуына тоқталып өтті.

ТЫҢДАЛДЫ.

1. Балабақша әдіскері Р. Жылысбаева «Тәрбиелеу мен білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктерінің орындалу» туралы фронталды бақылау жасап әдістемелік көмек көрсеткені туралы айтты. Стандарт негіздерінің мақсатын түсіндірді.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына 1-қосымша Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының жалпы ережелері:

1. Осы Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (бұдан әрі – стандарт) «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 5-1) тармақшасына, 56-бабына сәйкес әзірленді және мыналарды:

1) тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарланған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына;

2) тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне;

3) тәрбие мен оқыту мерзіміне қойылатын талаптарды анықтайды.

Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиелеу -білім беру процесіне ата - аналарды тарту тәрбиелеу процесін жүзеге асыруда қажетті іс-әрекет болып табылады. Қазіргі кезеңде тәрбиеленушілердің отбасыларымен өзара әрекет етуге, ынтымақтастыққа, оларды мектепке дейінгі ұйымның білім беру процесіне тартуға ерекше назар аударылады. «Мектепке дейінгі білім беру ұйымының тәрбиелеу-білім беру процесіне ата-аналарды тарту» әдістемелік ұсынымдары педагогтерге көмек ретінде ұсынылатынын айтып өтті.

ТЫҢДАЛДЫ.

2. Балабақша әдіскері Р. Жылысбаева «Күн тәртібінде сауықтыру іс-шараларының сапасы» туралы айтты. Топтардағы күн тәртібінде сауықтыру іс-шараларының өтілуін басты назарда болу керектігін және маңызы туралы айтып өтті.

Жас ұрпақты жан – жакты дамыған, ой — өрісі биік, тұлғасы сымбатты азамат етіп өсіру үшін тәрбие жүйесінде дене тәрбиесінің алар орны орасан зор. Ал оны неғұрлым ерте кезінен бастап, дұрыс жолға қойып жүргізсе, соғұрлым нәтижесі жемісті болатыны анық. Өйткені болашақ азаматтың денсаулығы мықты, мүсін тұлғасы дұрыс қалыптасқан, жігерлі де қайратты болып өсуіне, көпшілдік дағдыларын бойына терең сіңіруіне нақ осы мектепке дейінгі кезеңде тереңірек көңіл бөлінсе, дұрыс негіз қаланады.

Сондықтан да бүлдіршіндер ағзасының қызметін жетілдіру, денсаулығын жақсарту, жүйкенің жұмысын дұрыс қалыптастырып, ширақ, жігерлі, икемді, сымбатты етіп өсіру, міне, осының барлығын ғылыми негізде тәрбиенің басқа түрлерімен ұштастыра жүргізу – балабақшалардың негізгі мақсаты мен алға қойған үлкен міндетінің бірі.

Бала денсаулығының мықты болып, қозғалыс, дене құрылысының дұрыс жетілуі мектеп жасына дейінгі кезеңде қалыптасады.

Күн режимін қалай ұйымдастыру керек? Ертеңгілік баланы балабақшаға әкелу уақытының да маңызы бар, ата-ана баланы ертемен оятып, жақсы көңіл күймен келген бала мен ұйқысын қандырмай, кешіктіріп, өзінің де баланың көңіл-күйі жоқ жағдайда келген баланың арасында айырмашылық болады. Ертеңгілік жаттығулардың пайдасы бәрімізге де белгілі, ертеңгі қимыл қозғалыстың үйлесімділігін баланың физикалық дамуына әсер ететін көптеген табиғи факторлар бар. Солардың бірі-серуен. Ауада серуендеу баланың денсаулығы үшін өте маңызды. Бала таза ауада көп болса оның ағзасы оттегіні жай жүргендегіге қарағанда көп сіңіреді. Ширақ қозғалыста болады, алымдай жүреді, аласа бұтақтан секіреді, сөйлегенде, жүгіргенде қол мен аяқтың қимылын қатар алып икемделеді. Ол үшін қимылды ойындар жақсы. Бала үшін серуенді қызықты ұйымдастыру керек. Жай ғана денсаулықты күшейтіп қоймайды, айналадағы құбылыстарды бақылап, көзқарасы қалыптасады. Ойынды таңдай отырып, жыл мезгілін, ауа райын да ескеуіміз керек. Қыс мезгіліндегі ойындар өте пайдалы, соның өзінде ойын қозғалыстарымен, жаттығулары демалыспен кезектесуі керек екенін айтты.

ТЫҢДАЛДЫ.

3.1 Балабақша тәрбиешісі П. Бидаулетова «Денсаулық сақтау техноглогияларын тиімді қолдану әдіс-тәсілдері» тақырыбында дөңгелек стол өткізді. Ол өзінің тәжірибелік кеңесімен бөлісті.

Жан-жақты физикалық жетілген және денсаулығы жақсы баланы өсіріп тәрбиелеу әрбір ата-ана мен балабақшаның міндеті. Еліміздің білім саласында жүргізіліп жатқан реформаның басты мақсаты- ой-өрісі жаңашыл, шығармашылық деңгейде қызмет атқара алатын, дүниетанымы жоғары, жан-жақты қалыптасқан жеке тұлға тәрбиелеу. Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мәселесі қазіргі таңда мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып отыр. Бала болашағымыз десек, сол балаға жүйелі білім беріп, ынта-ықыласын дұрыс бағыттауды, қабілет-қасиеттерін дамытуды балабақшадан бастауымыз керек. Мектепке дейінгі білім беру стандарты мектепке дейінгі тәрбие мен мектепалды даярлық топтарында

педагогикалық үрдісті ұйымдастыруда жанашыл әдіс-тәсілдерді пайдалануға мүмкіндік береді. Балабақшада жаңа педагогикалық технологияларды пайдаланудың басты мақсаты: оқыту мен тәрбиелеуде инновациялық ойын технологиясының элементтерін пайдалана отырып, жан-жақты, білімді, құзыретті тұлға тәрбиелеу.

Баланың бақытты болуы үшін, денінің сау болуы үшін үлкен қамқорлық жасауымыз керек. Дені сау баланың ақыл-ойы айқын, өз-өзіне сенімді, жан- жағына қуанышпен шаттана қарайтындай болуы шарт. Бала денсаулығының мықты болып, қозғалыс, дене құрылысының дұрыс жетілуі мектепке дейінгі кезеңде қалыптасады. Сондықтан, бала организмінің қызметін жетілдіру, қабілетін арттыру – ең басты міндетіміз, - деп ұсынысын айтты.

ТЫҢДАЛДЫ.

3.2 Балабақша тәрбиешісі Б. Ганиева «Балалардың физикалық дамуына музыканың әсері» тақырыбында пікір алмасты.

Баланың дамуына музыканың жағымды әсерін ата-бабаларымыз көптен байқаған. Кейінірек осы салада жүргізілген көптеген зерттеулердің нәтижесінде музыканың ерте жастағы балаларда ойлау, есте сақтау, қиял қалыптастыруына ықпал ететіндігі анықталды.

Қандай музыка тандау керек?

Музыканың балалардың денсаулығына және олардың физикалық дамуына жағымды әсер ететінін дәлелдейді. Осылайша, перинаталды кезеңде классикалық музыкаға байланған балалар өздерінің құрдастарынан әлдеқайда ерте тұра, отыруға, сөйлесуге кіріседі. Әуен дыбысы естілгенде, адамның миы музыкалық жазбаларға сәйкес келетін дыбыстық дірілдерді қабылдайды. Сонымен қатар жүйке жасушаларының кейбір түрлері дыбыс толқындарына жауап береді, соның салдарынан жүйке кернеуін жою, тыныштандыру. Музыканың баланың психикасына жағымды әсері оның әлемге сезімталдық пен эмоционалдық ашықтықты тудыратынын көрсетеді. Кейінірек нәресте айналадағы адамдардың көңіл-күйін бағалауға құзыретті болады, бұл олармен өзара әрекеттесуге үлкен ықпал етеді, - деп өз ойын айтты.

ТЫҢДАЛДЫ.

3.3 Балабақша тәрбиешісі Н.Мусаева «Балабақша жағдайында мектеп жасына дейінгі балаларды сауықтыру» тақырыбында пікір алмасты.

Мектеп жасына дейінгі баланың сауықтыру іс – шаралары өте маңызды. Балалардың шынығуы мен сауықтыруы тиімді жүргізілуі тиіс. Баланың денесін бірінші күндерінен бастап және ылғи да шынықтырудың маңызы

зор. Дене температурасының тұрақтылығы термо реттеу процесі арқылы сақталады.

Әдістері: Ауа, су, күн сәулелері осының бәрі негізгі шынығу әдістеріне жатады.

Таза ауа. Таза ауа – шынығудың ең кең тараған және жеңіл түрі. Бұл жағдайда жыл маусымының ерекшелігі ескерілуі тиіс:

- Жылдың жылы кезеңінде шынығу үшін ұзақ уақыт таза ауада серуендейді; ауа температурасы 16 С - тан төмен болмаса, үйдің терезесін ашып қойып ұйықтауға болады;

- Жылдың суық кезеңінде шынығу үшін белгілі бір уақыт жаяу серуендеу, шаңғы тебу, жеңіл киініп, шынығу жүргірісі деп аталатын «баяу», «жүгіру», «коньки тебу» т. б пайдаланылады. Далада организмді мұздатып алмау үшін тез қимылдап, жаттығуды ұзаққа созбайды.

Су процедурасы. Су ауаға карағанда жақсы шынықтырады. Судың жылу өткізгіштік қасиеті ауаның жылу өткізгіштігінен 23 есе артық. Су теріс температуралық әсер етумен бірге механикалық әсер етіп – массаж жасайды. Капиллярлық қан айналысын жақсартады. Су көмегімен үй жағдайында шынығу ең көп тараған түрлері:

- Денені сулы орамалмен ысқылап сүрту – суық судың температурасы 34 – 35 с - тан төмен болмағаны жөн. Күн сайын дымқыл орамалмен сүртінгенде 6 - 7 күннен кейін судың температурасын 1 с - тан төмендетіп отырып, оны 24 – 22 с - ка дейін жеткізеді. Денені дымқыл орамалмен ысқылауды және суық сумен жуыну осы температурада 2 - 3 ай бойы жасайды.

- Душ – шынығудың тиімді тәсілі, әсіресе контрасты (карама - қарсы) деп аталатын душ қабылдау. (бірақ бұны тек дені сау және едәуір шыныққан адамдар пайдаланған жөн).

Күн шуағына шынығу. Күн шуағымен шынығудың ең тиімді уақыты – 9 - дан 11 – ге дейін. Балаларға 11 - жасқа дейін ағаштың көлеңкесінде шынығу керек. Бұл әдіс қимыл - қозғалыс ойындар кезінде жақсы.

Дене жаттығулары. Дене жаттығуларына танертеңгілік гимнастика, дене шынықтыру сабағы жатады.

Шомылу. Айдың суға шомылудың пайдасы зор, ол денені шынықтыруға жан - жакты әсер етеді, өйткені судың термикалық және механикалық тітіркендіру әсері ауа, күн сәулесі әсерлерімен және суда жүзу қимылымен ұласады.

Балабақшада өткізілетін дене шынықтыру-сауықтыру және спорт шараларының негізгі түрлері: Денсаулық және спорт күндері.

Балабақшаның жылдық жоспарына сәйкес денсаулық және спорт күндері өткізіліп тұруы міндетті, - деп пікір білдірді.

ТЫҢДАЛДЫ.

4. Балабақша тәрбиешісі А. Сейткасымова «Балабақшадағы бүлдіршіндердің дамуындағы психологиялық ауытқуларын болдырмау» тақырыбында баяндама жасады.

Қазіргі уақытта білім беру процесін психологиялық – педагогикалық қолдаудың барабар жүйесін құрудың негізгі заманауи басымдықтары мыналар болып табылады: педагогтің баламен жеке тұлғаға бағытталған өзара әрекеті, оның жеке басын қабылдау және дамыту. Осыған сәйкес балабақша тәрбиеленушілерге әлеммен үйлесімді қарым-қатынасты қамтамасыз етуге арналған. Олардың эмоционалды дамуының дұрыс бағыты, жақсы сезімдерді қалыптастыру, ынтымақтастыққа ұмтылу және өзін-өзі растау. Балалардың сәтті эмоционалды дамуы үшін белгілі бір жағдайлардың болуы қажет: олардың айналасындағылармен жағымды эмоционалды байланыстарға, махаббат пен қолдауға; белсенді таным мен ақпарат алмасуға; қызығушылықтары бойынша дербес іс-әрекетке, ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас пен ынтымақтастыққа, өзін-өзі растауға, өзін-өзі тануға және олардың жетістіктерін қоршаған орта ретінде тануға деген қажеттіліктерін қанағаттандыру.

Балабақшаның әр жас тобында әдеттегі шеңберден шығатын мінез-құлықтың эмоционалды тұрақсыздығымен ерекшеленетін балалар бар. Мектепке дейінгі білім беру мекемесі баланың әлеммен үйлесімді қарым-қатынасын, оның эмоционалды дамуының дұрыс бағытын қамтамасыз етуге, оның жақсы сезімдерін оятуға, ынтымақтастыққа және өзін-өзі растауға деген ұмтылысын оятуға арналған.

Психологиялық жайлылық пен психикалық денсаулық туралы сұрақтар, ең алдымен, педагогтарға бағытталуы керек, өйткені көбінесе балалар балабақшада болады. Егер кішкентайлар ренжіген, ашуланған немесе қанағаттанбаған болса, олар бастайды, бұл мимикалық және тыныс алу бұлшықеттерін тез және тиімді түрде жеңілдетеді, іш қуысы мен жоғарғы иық белдеуінің бұлшықеттерін босаңсытады.

Ұйымдастырылған педагогикалық жұмыс балалардың эмоционалды тәжірибесін байытып қана қоймай, сонымен бірге олардың жеке дамуындағы кемшіліктерді едәуір жұмсартыды немесе тіпті толығымен жояды, - деп баяндамасын қысқаша түсіндіріп өтті.

Жиналыс қаулы етті:

1. Балабақша әдіскері Р. Жылысбаеваның фронталды бақылау нәтижесінде

«Тәрбиелеу мен білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктерінің орындалу» туралы әдістемелік көмек көрсетілсін.

2. Балабақша әдіскері Р. Жылысбаеваның «Күн тәртібінде сауықтыру іс-шараларының сапасы» туралы анықтамасы қанағаттанарлық.

3. Тәжірбие алмасу:

3.1. Тәрбиеші П. Бидаулетованың «Денсаулық сақтау технологияларын тиімді қолдану әдіс-тәсілдері» тақырыбындағы пікір алмасуы қанағаттанарлық.

3.2. Тәрбиеші Б. Ганиеваның «Балалардың физикалық дамуына музыканың әсері» тақырыбындағы пікір алмасу қанағаттанарлық.

3.3. Тәрбиеші Н. Мусаеваның «Балабақша жағдайында мектеп жасына дейінгі балаларды сауықтыру» тақырыбындағы пікір алмасуы қанағаттанарлық.

4. Тәрбиеші А. Сейткасымованың «Балабақшадағы бүлдіршіндердің дамуындағы психологиялық ауытқуларын болдырмау» тақырыбындағы баяндамасы қанағаттанарлық.

Педагогикалық кеңестің төрайымы
Хатшы:



Жанибекова Г
Жылысбаева Р

**Созақ ауданы білім бөлімінің «Балдәурен» бөбекжай – бакшасы
МКҚК педагогикалық кеңес отырысының
Хаттамасы № 3**

Сызған ауылы

19 қаңтар 2024 жыл

Қатысқандар: 7

Қатыспағандар: 0

Тақырыбы: «Мектеп жасына дейінгі балаларды жан-жақты дамытуда заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны құрудың тиімділігі»

Мақсаты: Бала зейінін ашу, ақыл ойын дамыту, шығармашылыққа тәрбиелеу, есте сақтау қабілетін дамыту.

Күн тәртібі:

1. **Салыстырмалы бақылау:** «Мектеп жасына дейінгі балаларды жан-жақты дамытуда заттық - кеңістіктік дамытушы ортаны құрудың тиімділігі» дөңгелек стол өткізу. (Әдіскер Р. Жылысбаева)
2. «Дамытушы ортаға қатысты ойын түрлері» көрме өткізу. (тәрбиеші П. Бидаулетова)
3. «Балабакшада заттық дамытушы ортаны құрудың маңыздылығы» баяндама жасау. (тәрбиеші Б. Ганиева)
4. «Балабакшаның әртүрлі жас топтарындағы заттық дамытушылық ортаны құрудың маңыздылығы» пікір алмасу. (тәрбиеші А. Сейткасимова)
5. «Мейірімді болса жүрек, орындалар тілек» тренинг өткізу. (тәрбиеші Н. Мусаева)

Тыңдалды:

Балабакша меңгерушісі Г. Жанибекова сөз алып пед.кеңестің күн тәртібімен таныстырды. Педагогтардың өткен жылдың қорытынды есебін тыңдап, биылғы жылдың жоспарларын нақтылады. Алдағы 2023 – 2024 оқу жылының наурыз айында балабакша мемлекеттік аттестаттаудан өтетінін ескертті. Облыстық білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментіне балабакшаны аттестаттаудан өткізу туралы сұраныс хат жазып бұйрық негізінде жұмыстар атқарамызды ескерте келе сөзін аяқтады.

Тыңдалды:

Балабакша әдіскері Р. Жылысбаева сөз алды. Педагогтар арасында салыстырмалы бақылау нәтижесінде: «Мектеп жасына дейінгі балаларды

жан-жақты дамытуда заттық - кеңістіктік дамытушы ортаны құрудың тиімділігі» тақырыбында дөңгелек стол өткізді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 — 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында білім беруді, оның ішінде мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамытудың негізгі бағыттары айқын көрсетілді.

Бағдарламаны іске асыруда, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың сапасын арттыру, баланы жан-жақты дамыту педагогтардың алдында тұрған негізгі міндеттердің бірі.

Балалардың дамуындағы маңызды факторлардың бірі – олардың қабілеттерін қалыптастыруға қолайлы жағдайлар жасау болып табылады.

Баланы жан-жақты дамытудың тиімді жолдарының бірі, бала қабілетін арттыратын қолайлы заттық кеңістік дамытушы ортасын ұйымдастыру, құру болып табылады.

Заттық-кеңістік дамытушы орта дегеніміз не, оны қалай құрамыз? – деген сұрақтар туындайды.

Заттық-кеңістік дамытушы ортаны құруда міндетті түрде әр жастағы балалардың жеке ерекшеліктері мен қабілеттерін, қызығушылығын ескеруіміз қажет,

Заттық-кеңістіктік дамытушы орта – балаға заттар мен ойыншықтарға еркін қолжетімділікті және немен айналысатынын өз бетінше таңдауын, өз идеяларын іске асыру мүмкіндігін қамтамасыз ететін, балалардың бастамасын қолдау үшін жоспарланған әртүрлі материалдары бар ортаның болуы.

Дамытушы ортада бала ересектердің өзіне деген мейірімді қарым-қатынасын, дербестігін ынталандыруын, жеке басын құрметтеуін, балаға қиын сәттерде қолдау көрсетілетінін сезіне білу керек.

Дамытушы ортада балаға өз қызығушылықтары мен мүмкіндіктеріне сүйене отырып, өзін қызықтыратын ойын материалдарымен ойнауға мүмкіндік ала алуы тиіс.

Дамытушы ортада баланың мектепте оқуға қажетті дағдыларды жетілдіріліп, әртүрлі әлеуметтік ортадан шыққан балалардың сапалы мектепке дейінгі білім алуы үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді қамтамасыз етілуі тиіс.

Дұрыс құрылған дамытушы ортада бала әрекетке ынталандырылады, бала тұлға ретінде дамиды, қабілеттерінің ерте көрінуіне ықпал болады және еркін шешім қабылдауға қалыптасады.

Заттық-кеңістіктік дамытушы ортаға қойылатын жалпы талаптар:

- қауіпсіз;
- қолжетімді;
- әртүрлі;
- мазмұнды;

- көп атқарымды;
- өзгермелі;
- тартымды.

Осылайша, нәтижелі ұйымдастырылған заттық-дамытушы орта, балаларға қуаныш сезімін, балабақшаға деген жағымды қарым-қатынасын, балабақшаға келуге деген тілекті шақырады, жаңа әсерлер береді және білімдермен байытады. Белсенді шығармашылық әрекетті тудырады, мектепке дейінгі балалардың зияткерлік және әлеуметтік дамуына мүмкіндік беріп, баланың шығармашылық әлеуетін ашуға ықпал етері сөзсіз.

Тыңдалды:

Балабақша тәрбиешісі П. Бидаулетова педагогтар арасында «Дамытушы ортаға катысты ойын түрлері» тақырыбында көрме өткізді.

Мақсаты: танымдық үрдісін дамыту, мәдени ойлануды жоғарлату, шығармашылық қиялын дамыту, жеке тұлға қасиетін қалыптастыру:

- байқағыштық,
- талпынушылық,
- білімге құмарлық.

№1 сабақ. Тақырыбы: «Көлем сиқыршысы».

Мақсаты: зейіні мен көзқарасын дамыту, заттың жаман және жақсы қасиеттерін аанықтай алуға үйрету, жағымды эмоциялық көңіл-күйді тудыру, өзінің алған тәжірибесінен әңгіме құрастыру, өзін-өзі бақылауын дамыту.

Ойындық тапсырма. Өзінің әдемілігін ластан қарап қалды.

Оның бейнесі өзіне ұнамайды

Маймыл лас судан ештемемен айырылмайды

Дұрыстап қара және айырмашылығын тап

Оның бейнесі жетіге дейін ажыратылады.

ТРИЗ. «Көлемнің сиқыршысы».

Қоянда үлкен құлақ болып кетті – жегеніне көрі.

Ол қалай көрінеді, не жақсы не жаман (басқа мысалдар).

«Пионина» тренингі.

«Мен басшымын» деген ойын жаттығуы – (екеуі) бүгін болған жаналықты бір-біріне айтады.

Ойындық тапсырма. «Қатені табу».

Әріпті таңбалап жазғанда қатені табуға баланы үйрету.

А В Г Д Е Ж З И Й К Л М Н О П Р С Т У Ф Х Ч Ц Ш Щ Ъ Ы Э Я.

«Жаңылыс» ойыны.

Мақсаты: топтық бірлікті ойын талап етеді, бірлестік сезімін тәрбиелейді.

Ойынның жүргізілуі: Санаушы адамды тандандар. Ол бөлмеден шығады. Ал қалған балалар бір-бірінің қолынан ұстап дөңгелек шеңбер құрады. Қолдарын қыспай, олар шатастыра бастайды, кім қалай істей алады, солай. Жаңылыс болған кезде сыртқа шыққан адамды кіргізіп, олардың жанылыстарын шеше бастайды, балалардың қолын босатпай шешеді.

№2 сабақ. Тақырыбы: «Керісінше сиқырлы»

Мақсаты: қозғалыс дағдыларын дамытады, сұраққа жауап беруге үйретеді, сөйлеу диалогін дамыту, сөзді қайтадан жаңартуға көмектесу, «О» әріпін дұрыс меңгеру.

Ойындық жаттығу:

Оңға бұрылу – (балалар солға бұрылу керек)

Бөлмеде жүгіру – (балалар жүр)

Қолдарын жоғарыға көтеру – (балалар қолдарын төменге түсіреді) және т.б.

№3 сабақ. Тақырып: «Графикалық музыка»

Мақсаты: есту мүшесін дамыту, өзінің ойына түскен образды, суреттерге қарап шығарма жазу, жест тілін түсінуге үйрету, әріпті жазуға үйрету, жағымды көңіл-күйді тудыру, шығармашылық қиялды дамыту.

«Графикалық музыка»

Мақсаты: музыканы қабылдай алуы және өзінің бейнесін табуға үйрету. Балаларға музыка қойып, көзін жұмғызып, қағазға музыканы қалай қабылдайтынын шимақпен түсіреді.

Бұл шимақтан образ тауып, оны қызғылт қарындашпен белгілеп шығады. Бір образ не бейне және сол шимақтан басқа да образдар табуға болады.

«Пантомима» бейнелеу.

Мақсаты: Балаларға жест тілін түсінуге үйрету.

Ойынды сипаттау: педагог оқушылардың біреуін шақырады, оған тапсырма береді, ол оны бейнелейді, ал қалғандары педагогтың оған берген тапсырмасын ол көрсеткен бейнеден табу керек.

Бала ойынның тапсырмасын орындайды, ал көрушілер ұпай ретінде бағалайды.

Ойындық тапсырма:

жіпті инеге өткізу

түймені тігу

допты лақтырып, қағып алу

отын жару

қарындаш ұштау

газетті ашу, қою

суды бір стаканнан екінші стаканға құю

апельсин, сарымсақ, алма ніскеу
газды шарды үрлеу

Ойындық тапсырма: сөздегі жетіспейтін әріптерді жаз.

От . н, су . қ, өз . н, ор . ман, ағ . ш, а . ам

Ойындық жаттығу: Психологиялық қысымдылықты жою.

А) шынашақты бастырмалату,

Б) Жаңғақтар (алақан арасы сағат бойымен не кері сағат тілімен),

4. Қоршаған ортадағы заттардан әріптерді табу.

№4 сабақ. Тақырып: «Сауыттар»

Мақсаты: аяқтың бармақтарының моторикасын дамыту, есті дамыту, әріпті айта алуға үйрету, есту мүшесін дамыту, айтылған сөзді қабылдай алу, көру қабілетін дамыту, жүйке-жүйесінің қысымын босатуға көмектесу, шығармашылық елесін дамыту, сөйлеуін белсендіру.

1. Ойындық жаттығу «Сауыттар»

Мақсаты: аяқ сауыты үшін бала жаттығуды дұрыс орындауға үйрету.

Сипаттау: аяқ үшін балаға жаттығулар істеуді ұсыну.

аяқ бармақтарымен қарындашты жинау

таяқшаны көрсету

аяқ бармақтарымен орамалды жинау

Ойындық тапсырма: «Есте сақта»

Бірінші қатардағы әріпті қарандар, оларды атаңдар және орналасу ретін есте сақтандар. Көзді жабыңдар және көзді ашпай бұл әріптерді атаңдар.

ХКЖУМЯ

СОЭЮЗВ

ВЕРЬЗЫ

ЩЕЦЕ

АЛДНЧИ

Ойындық тапсырма «Сөзді жаттап ал»

Мақсаты: жаттаудың үрліс динамикасын анықтау.

Тапсырманы сипаттау: бала тапсырма алады бірнеше рет қайталау арқылы жаттау және 12 сөзді катесіз есіне түсіру: ағаш, ойыншық, шанышқы, гүл, телефон, стакан, құс, пальто, лампочка, сурет, адам, кітап. Балаларды кезекпен тындап болған соң барлық қатар сөздерін қайтадан айту.

Ойындық жаттығу дарындылықты дамыту үшін.

Тапсырма: суреттен шеңберді табу. Өзін сана және ойлан.

Ойындық жаттығу. Жүйке-жүйе шаршауын жою: шынашақты бастырмалату.

Ертегі шығару жай қиялдаудың көмегімен:

Үлкейту – кішірейту, ескіру – ақырындау, айырылу – қосылу.

Қимылды ойындар: Мысық пен тышқан

Ойынға 10-12 бала қатысуға болады. Ойынды үлкен залда, алаңда ойнаған жөн. Ойнаушылар дөңгелек қол ұстасып тұрады. Ойынға қатысушылар қызбалалар мен ұлбалар арасынан екі адамды ортаға шығарып, оның бірін тышқан, екіншісін мысық етіп белгілейді. Тышқан шеңбер ішінде қалады, ал мысық оның сыртында тышқанды аңдып жүреді, оны ұстауға тырысады. Ойнаушылардың міндеті – мысық тышқанды қуған кезде ұстасқан қолдарымен бөгеп қалып, тышқанды ұстатпауға күш салу. Мысық қапылыста ішке кіріп кетсе, тышқанды сыртқа шығарып, мысықты ұстап қалу керек.

Егер мысық сыртқа шыға қалса, онда тышқанды ішке кіргізіп, мысықты сыртта қалдырады. Осылайша бірін- бірі қуып жүріп мысық тышқанды ұстайды.

Ұстаған бойда тышқан рөлінде ойнаушы да басқа ойнаушыны өз орнына ұсынып, топқа қосылады. Ойынды осы тәртіппен ойнай беруге болады.

Қимылды ойындар: Ақ серек, көк серек

Ойын шарты: Ойын жазда ойналады. Ойнаушылар екі топқа бөлініп, бір-бірінен 30-40 метрдей жерде қол ұстасып, қаз-қатар тізіліп тұрады. Өз тобының он жақ басында басқарушылар болуға тиісті. Жеребе бойынша ойынды бастау еркіне ие болған топтың жетекшісі:

Ақ серек, көк серек,

Бізден сізге кім керек? - деп екінші топтың сұрайды. Оған қарсылыстары былай деп жауап береді:

Ақ серек, көк серек,

Сонау тұрған азаматтың өзі керек, - деп қарсы жақтың ойыншысының атын атайды. Сол шақырылған бала жүгірген қалпымен қол ұстасып тізіліп тұрған топтың ең әлсіз деген жерінен үзіп өтуге тырысады.

Егер ол үзіп кетсе, үзілген желідегі бір баланы өз тобына апарып қосады.

Ұзе алмаса, ол өзі сол топта қалады. Ендігі кезек екінші топқа беріледі.

Оларда осы тәртіп бойынша ойынды жалғастырады. Сөйтіп, екі топ бірін-бірі ұтып алуға тырысады. Ақыры ұтылған топта аз мөлшерде, кейде жалғыз басқарушысы ғана қалады.

Ұтқан топ жүлдесін алады. Жүлдені тәрбиеші өз қалауынша ұсынады.

Қимылды ойындар: Ұшты- Ұшты.

«Ұшты – ұшты» ойыны балаларды аңғарпаздыққа, тапқырлыққа тәрбиелейді. Балаларды шеңберге тұрғызып, зейін қойып тыңдап тұруларын ескертеді.

Ойын бастаушы: Мен ұша алатын затты атап, ұшты деп қолымызды көтергенде, бәрің де тез қолдарыңды көтеріп, алақандарыңды жазып «ұшты – ұшты » деп қалықтап тұрасындар.

Мысалы «каз ұшты » десем, сендер де «ұшасындар». Мен әдейі өздеріңді жанылдыру үшін әлгі затпен аты ұйкас тағы бір ұша алмайтын нәрсені атап «ұшты» деп қолымызды көтерсем, онда сендер «ұшпайсындар».

Мысалы, «саз ұшты» десем, сендер қолдарыңды көтермейсіндер. Ұша алатын затты атағанда «ұшпай қалған », сол сияқты ұша алмайтын затты атағанда, «ұшып кеткен » ойнаушы айып тартады деп түсіндіреді.

Бұдан кейін ұшайдың шарты туралы келісіп алады. Мысалы ұтылған ойыншы ән салып, болмаса жұмбақ шешу арқылы айыбын ақтауына болады.

Ойын басталады:

- Ұшты, ұшты, тарғақ ұшты (ұшады).
- Жарғақ ұшты. (ұшпайды).
- Үкі ұшты!
- Түлкі ұшты!
- Бүркіт ұшты!
- Іркіт ұшты !
- Үйрек ұшты !
- Бүйрек ұшты !
- Кекілік ұшты!
- Кекілің ұшты !
- Қызғыш
- Сызғыш

Осы тәртіппен ойын жүргізіле береді.

Қорытынды

Дамытушы ойындардың теориялық негізіне сай тәжірибе жүзінде қолданылуы құрылымын жасалады; Дамытушы ойындарды қолдана отырып оқу-тәрбие үдерісін неғұрлым қызығушылықпен ұйымдастыруға мүмкіндік туғызатын тиімді көмек көрсету деңгейіне жетеді;

Тәрбиеленушілердің логикалық ойлау, проблемалық ойлау, зияткерлік ойлау әрекеттерін және дене белсенділігін дамытуды ұйымдастыруға нұсқаулық ретінде өзекті құрал рөлін атқара алады.

Тыңдалды:

Балабақша тәрбиешісі Б. Ганиева «Балабақшада заттық дамытушы ортаны құрудың маңыздылығы» баяндама жасады. Ол өз баяндамасына қысқаша тоқталды. «Балалар сұлулық әлемінде, яғни ойындар, ертегілер, әндер, бейнелер, қиял мен шығармашылық әлемінде өмір сүруі керек. Бұл әлем баланы қоршап алуы керек. «Мектеп жасына дейінгі балалардың

калыпты дамуы мен жетілуіне қажетті дамып келе жатқан ортаны қалыптастыру керек.

Заттық-дамытушы орта бұл уақыт пен кеңістікте жүйелі түрде ұйымдастырылған, қажетті заттармен және ойын құралдарымен қамтамасыз етілген эстетикалық, психологиялық-педагогикалық жағдайлар кешені. Мұндай ортада бала белсенді танымдық-шығармашылық іс-әрекетпен айналысады, оның қызығушылығы артады, елестету, ақыл-ой және бейнелеу қабілеттері дамиды, коммуникативті дағдылары қалыптасады, ең бастысы үйлесімді тұлға қалыптасады. Заттық-дамытушы орта баланың әр алуан іс-әрекетін қамтамасыз етеді, жеке белсенді әрекетінің негізін қалайды. Дегенмен, ойын мектеп жасына дейінгі баланың негізгі әрекеті ретінде маңызды рөл атқарады. Ойындар балаларды мектепке дайындайды және әркімге қажет жеке сапа көрсеткіштеріне алғашқы қадам болып табылады. Ойын әрекетін ұйымдастыруда, баланың шығармашылық қиялын қалыптастыруда қарым-қатынас мәдениетін жүйелеуге қажетті білім беру ортасы ерекше рөл атқарады. Оның мазмұны ойынның сипатына, рөлдерді тандауға және бөлуге, мектепке дейінгі мекемеде дамытудың материалдық ортасына әсер етеді, мектепке дейінгі тәрбие адамның үздіксіз білім беру жүйесінің алғашқы сатысы болып табылады.

Дамыту ортасы — бұл балалардың бастамасын қолдауға арналған, заттар мен ойыншықтарға еркін қол жеткізуді, не істеу керектігін өз бетінше тандауды және күндізгі уақытта өз идеяларын жүзеге асыру мүмкіндігін қамтамасыз ететін әртүрлі материалдардан тұратын орта. Материалдық даму ортасы — баланың психикалық саулығының қауіпсіздігіне, оның даму мақсаттарына және баланың өз бетінше білім алу қабілетінің дамуына оң әсер ететін құрал-жабдықтарды және басқа да құралдарды пайдалануға сәйкес кеңістікті ұйымдастыру. Балалардың іс-әрекетін мұндай ұйымдастыру нәтижесіне бағытталған даму механизмін жасайды. Бала көздеген мақсатына жетуге ұмтылады. Дамытушы орта балалар мен ересектердің қарым-қатынасы мен бірлескен іс-әрекетін, балалардың дене белсенділігін, сондай-ақ олардың жалғыз болу мүмкіндігін қамтамасыз етуі керек.

Заттық-кеңістіктік дамытушы орта:

- Үлгілік оқу бағдарламасын іске асыруды қамтамасыз етуі;
- балалардың жастарына сәйкес болуы;
- тәрбиеленушілер, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін қол жетімді болуы;
- балалардың эмоционалды жай-күйі мен тұлғасын дамытуға жағдайлар жасауды (демалыс немесе балалардың оңаша ойнауына арналған орынды және т. б. жабдықтау) қамтамасыз етуі;
- түрлі материалдарға бай, сондай-ақ ересек пен баланың бірге әрекет етуіне және баланың өздігінен әрекет етуіне ыңғайлы болуы тиіс.

- Жиназ бен жабдыктар баланың бойына және жасына сәйкес келуі, қауіпсіз, тартымды және балаларды дамытатындай болуы керек. Заттық-кеңістіктік дамытушы ортаның ойыншықтары мен ойынға арналған материалдар:

— қауіпсіздік пен жайлылықты қамтамасыз ету талаптарына сәйкес болуы;

— баланың дамуына ықпал етуі;

-Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес үнемі жаңартылып отыруы, тартымды және сапалы болуы;

— жеткілікті мөлшерде (топтағы барлық балалар үшін), әртүрлі болуы (әр баланың қажеттіліктері мен қызығушылықтарын қанағаттандыра алуы), балалардың жас және жеке ерекшеліктеріне сәйкес болуы қажет. Қорыта келе, заттық-дамытушы орта – бұл уақыт пен кеңістікте жүйелі түрде ұйымдастырылған, қажетті ойын заттары мен құралдарымен қамтамасыз етілген эстетикалық, психологиялық және педагогикалық жағдайлар кешені. Мұндай ортада бала белсенді танымдық-шығармашылық іс-әрекетпен айналысады, оның қызығушылығы артады, елестету, ақыл-ой және бейнелеу қабілеттері дамиды, коммуникативті дағдылары қалыптасады, ең бастысы үйлесімді тұлға қалыптасады.

Тыңдалды:

Балабақша тәрбиешісі А. Сейткасымова «Балабақшаның әртүрлі жас топтарындағы заттық дамытушылық ортаны құрудың маңыздылығы» туралы пікір алмасты. Ол өз сөзінде:

«Балалар сұлулық әлемінде, яғни ойын, ертегі, ән, сурет, қиял және шығармашылық әлемінде, өмір сүруі керек. Бұл әлем баланы қоршап алуы қажет...», — деп В.Сухомлинский айтқандай, мектепке дейінгі жастағы балалардың қалыпты дамып, жетілуі үшін қажетті дамытушы ортаны қалыптастыру керек. Заттық-дамытушы орта — педагогикалық үрдісті жүзеге асыруға қажетті уақыт пен кеңістік жағынан жүйелі ұйымдастырылған, қажетті заттармен, ойын құралдарымен жабдықталған эстетикалық, психологиялық-педагогикалық шарттардың жиынтығы. Бұндай ортада бала белсенді танымдық, шығармашылық іс-әрекетке қосылады, қызығушылығы дами түседі, қиялы, ақыл-ой және бейнелік қабілеттері, қарым-қатынас жасау дағдысы дамиды, ең бастысы, үйлесімді тұлға дамуы жүзеге асады. Дамытушы орта баланың өзіне деген сенімділігін арттыруға, оны бойына сіңіруіне септігін тигізеді, мектеп жасына дейінгі балаға өз қабілеттерін сезіну және қолдануға мүмкіндік береді, өз қабілетін, шығармашылық шешімдер қабылдай алу дағдыларын дамытады.

Заттық-дамытушы орта баланың түрлі әрекеттерін қамтамасыз етеді, жеке белсенді әрекетінің негізін қалайды. Дегенмен де, мектеп жасына дейінгі

баланың негізгі әрекеті ретінде ойын жетекші рөл атқарады. Ойындар балаларды мектепте оқуға даярлайды, әр адамға қажетті жеке сапалық көрсеткіштердің алғашқы баспалдағы болып табылады. Ойын әрекетін ұйымдастыруда, қарым- қатынас мәдениетін жүйелеуге қажетті баланың шығармашылық қиялын қалыптастыруда заттық- дамытушы орта ерекше орын алады. Оның мазмұны ойынның сипатына, таңдалуына және рөлдердің бөлінуіне ықпал етеді:

- мектепке дейінгі мекемедегі заттық-дамытушы орта;
- мектепке дейінгі білім беру — адамның үздіксіз білім алу жүйесіндегі алғашқы баспалдақ.
- мектепке дейінгі білім берудің сапасы, білім беру қызметтерінің сапасы көптеген шарттармен қамтамасыз етіледі. Оның ішінде рационалды, мақсатқа бағытталған шарттар заттық дамытушы ортаны мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктеріне сай ұйымдастыруды міндеттейді.

Мектеп жасына дейінгі балаға дамытушы заттық орта не үшін қажет? Жеке дамуындағы нақты кезеңдердегі қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін. Жинақталған орта жағдайындағы іс-әрекет балаға белсенділігін, қоршаған ортаны еркін тануға деген қызығушылығын, танымын шығармашыл бейнелеуге деген ынтасын қалыптастырады. Бұл кеңістіктің көлемі мен ұйымдастырылуы баланың жас ерекшеліктерімен байланысты. Заттық-дамытушы орта тәрбиешіге не үшін қажет? Мектепке дейінгі баланың жеке және жалпы дамуын жүзеге асырудағы тәрбиешіге өте сапалы көмекші құрал болып табылады. Дамытушы орта балалардың алуан түрлі және мақсатқа бағытталған белсенді әрекеттерінің көптеген мүмкіндіктерін жүзеге асыру мақсатында құрылады. Балалардың әрекеттерін ұйымдастыруда арнайы кеңістік ретінде тәрбиешіге қызмет көрсетеді, тәрбиелеу үдерісіне ықпал етеді. Тәрбиешінің қызметі заттық-дамытушы ортаны және оның құралдарын пайдалана отырып, мектеп жасына дейінгі баланың өз бетінше оған табиғатынан тән қасиеттерін анықтауға және дамытуға көмектесу болып есептеледі. Сондықтан мектеп жасына дейінгі баланың шығармашылық белсенділігін өзіндік дамыту және білім алуы жүзеге асатын дамытушы ортаны ұйымдастыруға балабақшада ерекше көңіл бөлінеді. Тәрбиеші арнайы құрастырылған заттық-дамытушы ортада тәрбиелеу және білім беру үдерісін ұйымдастырудың түрлі әдіс-тәсілдерді, формаларын пайдалануы қажет. Тәрбиешінің мақсаты: мектепке дейінгі мекемедегі тәрбиеленуші дамуының әрбір кезеңінде жеке шығармашылығын қалыптастыруды жүзеге асыру үшін заттық-дамытушы ортаны көп кезеңді, көп қызметті етіп құрастыру.

Тәрбиешінің міндеттері:

- заттық-дамытушы ортаны қажетті құраммен толтыру және құрастыру;
- баланың жекелік қасиеттерін, қабілеттерін, өз бетінділігін және шығармашылығын қалыптастыруда заттық-дамытушы ортаны ұтымды пайдалануға жағдай жасау.

Тек осы мақсат-міндеттер орындалған кезде ғана, мектеп жасына дейінгі баланың қалыпты дамуын, шығармашылық белсенділігін қамтамасыз етуге деген мүмкіндік артады.

Мектепке дейінгі балалардың тұлғасының дамуы негізгі құралдардың бірі — орта. Орта — баланың жаңа білім мен әлеуметтік тәжірибесінің көзі. Мектепке дейінгі ұйымдағы заттық кеңістіктегі орта мектепке дейінгі баланың белсенділігі ғана емес, өздігімен әрекетін, өздігінен білім алуын қамтамасыз етеді. Ересектер баланы өнерге баулығанда жеке тұлғаның эстетикалық және өнегелік жағынан дамуына, оның «ізгіленіп, өнерден бірлесіп ләззат алуына жағдайлар жасайды». Жеке тұлғаға бағдарланған үлгінің қағидалары мектепке дейінгі ұйымды дамытушы орта құрудың мына ұстанымдарын қамтиды:

- аралықтар, өзара әрекеттестік кезіндегі орныққан орындары;
- белсенділік, дербестік, шығармашылық;
- тұрақтылық-ұтқырлық;
- жинақылық пен оңтайлылық;
- ортаның әсерлілігі, әр бала мен ересектің жеке жайлылығы мен сезім қолайлылығы;
- ортаны эстетикалық тұрғыдан ұйымдастыруда үйреншікті және әдегген тыс элементтерді үйлестіру;
- ашықтық-жабықтық;
- балалардың жыныстық және жас ерекшеліктерін ескеру.

Дамытушы ортаны құрудың зерттелген ұстанымдарын айта келе, авторлар мынадай тұжырым жасады: «Балалар мекемелерінде ортаны ұйымдастыру осы аймақпен тарихи байланысты фольклор элементтері бар сәндік-қолданбалы кәсіпшілік мәдениеттің аймаққа тән ерекшеліктеріне де негізделеді. Бұл, сөз жоқ, балалардың отаншылдығын, өзінің туған жері үшін мақтаныш сезімін, «шағын отан» туралы түсініктері мен оған деген сүйіспеншілік сезімдерін қалыптастыруға көмектеседі».

Тыңдалды:

Балабақша тәрбиешісі Н. Мусаева «Мейірімді болса жүрек, орындар тілек» тақырыбында тренинг өткізді.

«Мейірімді болса жүрек, орындалар тілек» тақырыбында тренинг

Тақырыбы: Мейірімді болса жүрек – орындалар тілек

Мақсаты: Ұстаздарды инновациялық әдіс тәсілдерді тәжірибелеріне енгізе отырып, өз кәсібіне деген ынтасын, логикалық ойлау қабілетін, шығармашылық ізденісін, ой-қиялын арттыру.

Мұғалімнің эмоциялық көңіл-күйлерін көтеру, топтасып жұмыс істеу жүйесін әрі қарай дамыту. Ұстаздардың өз кәсібіне деген ынтасын арттыру.

Түрі: Психологиялық тренинг

Әдісі: Топтық жұмыс, сұрақ-жауап,опликация, ой бөлісу және пікір алмасу.

Көрнекілігі: Плакаттар, маркерлер, компьютер, интерактивті такта, жүрекше, смайликтер, кобдиша, А4,А3

Тренинг ережесі:

1. Белсенділікті арттыру.
2. Бірлесіп жұмыс істеу.
3. Бір-біріне кедергі келтірмеу.
4. Өз ойын ашық айта білуге үйрену.
5. Өзіне пайдалы нәрсені алу.
6. Әріптестермен жақсы қарым-қатынас орнату.
7. Өзін еркін ұстауға үйрету.

Психолог сөзі: Сәлеметсіздерме, ұлағатты ұстаздар! Бүгін сіздердің психикалық көңіл-күйлеріңізді көтеруге, өз бойларыңыздағы шығармашылық қабілеттеріңізді бағалай білуге, өз-өзіңізге құрметпен қарауға, бір-біріңізбен сыйластық қарым-қатынасты нығайтуға арналған «Мейірімді болса жүрек – орындалар тілек» атты тренингке ұйымшылдықпен қатысуға шақырамын.

I. Ұйымдастыру кезені.

«Амандасу тренингі» қол шапалақтау.

«Жан жылуы» жаттығуы. Қолдарынан ұстап бір-біріне төмендегі сөздерді хормен айтады.

Мен сенен жылу аламын (сол жағына қарайды)

Жүрегіме саламын (тура қарайды)

Досыма сыйлаймын (оңға қарайды)

Сәттілік тілеймін (тура қарайды).

«Сикырлы қобдиша» жаттығуы: Қобдишаны бір-бірінің қолдарына бересіздер, қобдишаны алған адам оны ашып ішіне қарайды.

Оның ішіндегі кішкентай өзеннен сіздер жан-жақты және қайталанбайтын бейнені көресіздер. Оған күліп қарауларыңыз керек.

Психолог талдауы: жан-жақты және қайталанбайтын бейне деген сөзді қалай түсінесіздер?

- Сіздер ол бейнеге күліп қарағанда, ол сізге қалай қарады?

- Қобдишаның ішінен қандай құпияны күттіңіздер?

Демек, біз, сіз, әрбір адам өз алдына жан-жақты қайталанбайтын дүние екен. Ендеше, сіздердің «сикырлы қобдишадан » күткен құпия сырларыңыз сияқты, мен сіздермен құпия ойындар мен тапсырмаларға толы тренингмізді бастаймын.

«Жемістер жинау» жаттығуы: Құрметті әріптестер қазір сіздер мына жемістерден өздеріңіз қалағанын алып, себеттерге саласыздар.(осыған байланысты үш топқа бөлеміз, әр топ өздеріне ат қояды,топ басын сайлайды)

II. «Негізгі бөлім»

«Моншак» жаттығуы: (3 топқа да, алдын ала стол үстіне 3 ине мен жіп беріледі)

Психолог сөзі: Нұсқау: менің қолымдағы моншактан өздеріңіз қалағандарыңызша алыңыздар.

Енді алған моншактың санына қарай өз есіміңізді атай отырып, жақсы қасиеттеріңізді атаныз. Мына ине-жіпке жақсы қасиеттеріңізді тізіп көрейік. Әр топ өздеріне моншак жасайды.

Психолог талдауы: Көрдіңіздерме, осы жақсы қасиеттерді біріктіре отырып, сіздер әлі талай шындардан көрінетіндеріңізге мен де, сіздер де сенімдісіздер.

Бір- бірімізге қол соғып қоямыз. Рахмет, келесі тапсырмаға көшеміз.

«Нұрлы жүрек» жаттығуы: «Ұстаздармен сұхбаттасу жолы». Олай болса назарларыңызды экранға аударайық. Мінекей, сіздерге бірнеше сұрақтар беріліп тұр.

1. Сіздің бала кезіңіздегі арманыңыз қандай?
2. Сіздің қызығушылығыңыз қандай?
3. Сіз қандай оқушыны ұнатпайсыз?
4. Ең сүйікті мейрамыңыз қандай?

5. Өз мамандығыңыз сізге ұнай ма?
6. Бос уақытыңызда немен айналысасыз?
7. Мұғалімдіктен басқа қандай мамандыққа барар едіңіз?
8. Оқушы бойынан қандай қасиет көргіңіз келеді?
9. Сізге ұнамайтын үйірмелер бар ма?
10. Сіздің қолыңызда билік болса, қандай үйірме ашар едіңіз?

Психолог сөзі: Нұсқау: алдарыңыздағы А4 ақ қағазға әркім қос қолының суретін бастырып алады және сауақтарға өз жауаптарын жазып, ал есімдерін ортадағы жүрекшеге жазу керек.

Педагогтың жауабы:

Психолог: Рахмет сіздерге, әрқашанда жүректеріңіз нұрлы болсын деген тілекпен тренингімізді жалғастырамыз.

«Опликация» жаттығуы: бұл бөлім бойынша әр топ өзі таңдап алған түсінен плакатқа жабыстыру арқылы белгілі бір бейнені білдіреді.

Нұсқау: мына бөліп қойған түстерді топ басыларыңыз таңдауға болады.

Енді 1 топқа – қызыл, жасыл түс

2-топқа – көк, сары түс

3 топқа- көк, сары түс

(Топ басылары өз ойларын жеткізеді)

Психолог сөзі:

«Еңбек ағашы» жаттығуы: қазір сіздерге үш түрлі қағаз қиындысы таратылып беріледі. Сол қағазға өз ойларыңызды жазып әр қайсысын өз орнына ілесіздер.

- Бұталарға- мұғалім қандай болу керек?
- Жапырақтарға- мұғалімнің түпкі мақсат-мұраты
- Гүлдер- мұғалім еңбегінің нәтижесі
- Жемістер- шәкірт қандай болу керек?

Мұғалімдер ойы:

Психолог сөзі: Міне, сіздер «Еңбек ағашын» құрастырып шығардыңыздар. Сіздің еңбектеріңіздің жемісі осы емес пе? Керемет, өте тамаша! Рахмет!

Рефлексия: «Ашығын айтсам»

1. Бүгінгі тренинг сіздерге ұнады ма?
2. Тенингтен қандай әсер алдыңыз?

3. Тренингтен кейінгі көңіл- күйіңіз кандай?

Психолог сөзі: Жүректен шыққан сөз жүрекке жол табады.

Шенбер бойынша тұрып, жүректі үлестіру арқылы бір-біріне тілек айту.

Жылы сөз адамдарды достастырады, сабырлы болуға, денсаулығын сақтауға, көңілін көтеруге, ашуын кайтаруға септігін тигізеді. әр айтылған сөзді адам жүрегімен қабылдайды. Сондықтан, қолдан келгенше бір-бірімізге жылы, жақсы сөздер айтқан дұрыс.

Қорытынды: Адам өмірде екі нәрсемен қартаймайды, біріншісі- қайырымды ісі, екіншісі- жүректен шыққан жылы сөзі. Әрқашанда бір-бірімізге жылы сөздер айтып, бір-бірімізге қайырымды болайық. Мейірімді болса жүрек – орындалар тілек.

Жиналыс шешім етті:

1. Балабақша әдіскері Р. Жылысбаеваның **Салыстырмалы бақылауы:** «Мектеп жасына дейінгі балаларды жан-жақты дамытуда заттық - кеңістіктік дамытушы ортаны құрудың тиімділігі» тақырыбындағы дөңгелек столі қанағаттанарлық.
2. Балабақша тәрбиешісі П. Бидаулетованың «Дамытушы ортаға қатысты ойын түрлері» көрмесі балабақшада күнделікті қолданылсын.
3. Балабақша тәрбиешісі Б. Ганиеваның «Балабақшада заттық дамытушы ортаны құрудың маңыздылығы» баяндамасы қанағаттанарлық.
4. Балабақша тәрбиешісі А. Сейткасимованың «Балабақшаның әртүрлі жас топтарындағы заттық дамытушылық ортаны құрудың маңыздылығы» тақырыбындағы пікір алмасуы қанағаттанарлық.
5. Балабақша тәрбиешісі Н. Мусаеваның «Мейірімді болса жүрек, орындалар тілек» тренингі үнемі қолданысқа енгізілсін.

Балабақша меңгерушісі:
Хатшы:



Жанибекова Г
Жылысбаева Р